**Бекітемін:**
**Мектеп директоры: К.Л.Аманов**

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Талдық НОББМ»**
**Мектепалды сыныбы: мектепалды даярлық сынып**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 04 -08 қараша 2024ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.11 | Сейсенбі 05.11 | Сәрсенб 06.11 | Бейсенбі 07.11 | Жұма 08.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі» «Бұлбұл»күйі**<br>**(Біртұтас тәрбие)**<br>«Қоғамдық мүлікті қорға»Мақсаты:Қоғам,мүлік сөздерінің мағынасын және мүліктерге ұқыпты қарауға үйрету<br>Әңгімелесу | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата –аналарға кеңес<br>- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, колын сүрту, шешіну. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы туралы | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Аңдар қыска калай дайындалады?»**<br>Мақсаты: Жануарлардың қыска калай дайындалатынын әңгімелеу.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | **«Айырмашылығын тап»**<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.<br>**Қазақ тілі** | **«Дөңгелек және сопақша»**<br>Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету.Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | **«Кеңістік»**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.<br>**Математика негіздері**<br>**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | **«Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері»**<br>Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары<br>Мақсаты:машина түрлерін білу,олардың қызметі туралы түсіну |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бірқатарменжүру.Жүрутүрлері: ұшымен, қолжоғары; өкшеменқоларқасында; жартылайотырыпжүруЖүгірутүрлері: бірқатармен; шашылып. Шеңбергетүру.<br>• Б.қ. – н.т., доп төмен<br>1.Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары.2.Б.қ.3.Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>• Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденнің алдында<br>1.Оң жаққа бұрылыс.2.Б.қ.3.Оң жаққа бұрылыс.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>• Б.қ. аяқты кең ашып отыру доп еденде | | | | |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.2.Б.қ.3.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., доп алдында 1.Доп оң жақтан арқасына.2.Б.қ.3.Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет)<br>Б.қ.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Паровоз» - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық** | **<u>Біртұтас тәрбие:Қараша«Әділдік пен жауапкершілік айы»</u>**<br>**<u>Апта дәйексөзі</u> «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»** | | | | |
| | **<u>ҚР Әнұранын тыңдау</u>** | **Д/О:« Бізге кім келгенің тауып ал»**<br>Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.<br>**(коммуникативтік танымдық қызмет)** | **«Суретті тап»**<br>**Мақсаты:**Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>**(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | Сюжетті ойын: «Тез ойла»<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздерді тез ойлап, керісінше айтуға үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Ою құрастыру**<br>Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.<br>**(шығармашылық қызмет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Нағыз дос<br>**Мақсаты:**Әңгіме мазмұны арқылы достық ұғымын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Мақал-мәтелдерді жаттау,мағынасын түсіну**<br>1. Ағаш тамырымен мықты, Адам дос-жарымен мықты<br>2.Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау Алмайды<br>Ы.Алтынсариннің «Екі дос» әңгімесін | **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>**<br>Дыбыстық талдау<br>**Мақсаты:**<br>Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру<br><br>**Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>-Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**«Телефон»дидактикалық ойыны**<br>***Ойын мақсаты:*** балалар, бір-бірінің құлағына | **<u>1.Математика негіздері</u>**<br>Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш<br><br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын,олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету.<br><br>**Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Біздің қанатты достарымыз<br>**Мақсаты:** Баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.<br>**Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>**Дид.ойын:**<br>«Құстардың атын атау»<br>**Мақсаты:** Үй құстары мен дала құстарын ажырата алу,тіршілігі туралы мәлімет беру<br>Сұрақ-жауап:<br>-Қандай құстың құйрығы айыр? | **<u>1.Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>Ауаның қасиеттері<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу.<br>**Міндеті:**«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары<br>**Жұмбақ** |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқу,мазмұнын балалармен бірге талдау<br>**Дидактикалық ойын «Жақсы-жаман»**<br>Мақсаты: жақсы достың және жаман достың бойындағы қасиеттерін ажырату<br><br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>Қанша? Реті бойынша нешінші<br>**Мақсаты:**10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Қанша? Реті бойынша нешінші?сұрақтарын ажырату,оларға дұрыс жауап беруді үйрету<br><br>**Міндеті:**«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру<br>Дид.ойын «Ретімен сана»<br>Мақсаты:1-ден 10-ға дейін тура,кері санату<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Балалар кассаға кезекке тұрды.Оларды сана.Бірінші,екінші,тоғызыншы, оныншы болып кім тұр? Балаларды вагондағы орын нөмірлері бойынша ретімен сызып қос.<br>Шабадандарды сана.<br>Балаларға шабадандарды «таратып» бер. Сызып қос.<br>**2-тапсырма**Құстарға қандай ұя жасауға болады? Әртүрлі | сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді.Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей қате естіп,сөзді шатастырып алса, «айыбын»төлейді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суретке қара.Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, ала.)<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға жұмыс дәптерде дыбыстық талдау жасайтындарын айтады.<br>Әже, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды.<br>-Балалар,біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады..<br>«Әже» сөзінде 2 буын,3 дыбыс бар.<br>Тай – 1буын, 3 дыбыс.<br>Нар сөзінде1буын, 3 дыбыс бар.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс***(графикалық жұмыс)*<br>Үзік сызықтарды бастыр<br>**<u>2.Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>Ағаш, бұта және өсімдіктер<br>**Мақсаты:** Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш | «**Неге ұқсайды?»**<br>**дид.**ойыны.Мақсаты: Пішінге сәйкес келетін заттарды табу<br><br>**«Сипаттама бойынша тап»дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: кез келген затты қандай геометриялық фигураға ұқсас екенін, түсіне қарап сипаттау.<br>**Дәптерменжұмыс.**<br>**1-тапсырма.**<br>Фигуралардың үстінен саусағынмен жүргіз. Олардың ұқсастығын және айырмашылығын ата.<br>Фигуралардың суретінің үстімен саусағымен жүргізуді ұсынады.<br>-Фигуралардың бір-бірінен қандай айырмашылығы барын ата.(Дөңгелектің бұрыштары жоқ, ол домалайды.)<br>(Үшбұрыштың, шаршының және тіктөртбұрыштың бұрыштары бар. Олар домалай алмайды.)<br>**2-тапсырма.** Заттарға қара. Заттар қандай пішінге ұқсайды?<br>Оларды геометриялық фигурамен сызып қос.<br>Заттар қандай пішінге ұқсайды? Балалар | -Қарлығаш<br>-Жыл құстары дегеніміз не?<br>— Күн суытқанда ұшып,көктемде келетін құстар.<br>-Түнде ұшатын құс?<br>-Үкі<br>-Орман дәрігері?<br>— Тоқылдақ<br>-Адамдар үй салуды қай құстан үйренген?<br>-Қарлығаш<br>-Әнші құс?<br>-Бұлбұл<br>«Ерке бұлбұл» ертегісімен таныстыру,рөлдерге бөліп сахналату<br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш<br>**Мақсаты:** геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету<br>**Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Практикалық жұмыс.**<br>Фигураларды қара. Олар несімен ұқсас және қалай ерекшеленеді? Шаршы мен тіктөртбұрышты бір-бірінің үстіне қой. Не | Мұрныннан кеудеге өтеді,<br>Одан кері кетеді,<br>Өзі көзге көрінбейді,<br>Онсыз өмір сүрілмейді.<br>Жауабы: ауа<br>Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? (Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді.<br>Өсімдіктер де тыныс алады, оны біз сезбейміз.<br>Таза ауа – біздің денсаулығымыздыңбасты кепілі. Өкінішке орай, көліктердің, зауыт, фабрикалардың ауаға шығаратын түтіндеріауаны ластап, табиғатқа, адамзатқа зиян тигізуде.<br>Лас ауа жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті.<br>Барлық зауыт, фабрикаларға зиянды қалдықтарды жинап, ұстап қалатын, ауаға жібермейтін арнайы қондырғылар орнату қажет. Таза ауаны сақтау – өте маңызды мәселе.<br>Балаларға мұрнымен ауаны ішке тарту ұсынылады.<br>–Балалар, мұрын арқылы ауа біздің өкпемізге өтеді.<br>Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа қайтадан ауыз немесе мұрын арқылы сыртқа шығады<br>**«Шар үрлеу» ойын-** |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төбесі бар сары ұя реті бойынша нешінші?<br>Құстарға арналған үйшік пен оның шатырының түсі менпішінін қарастыруды ұсынады. Үйлер әртүрлі болатындай етіп әртүрлі түске бояйды.<br>**3тапсырма.**1-ден 9-ға дейінгі цифрларды тап.Оларды қоршап сыз және боя<br>.<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Жемістер мен көкөністер<br>**Мақсаты:** Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.тақпақтар жаттату,<br>**жұмбақ**<br>Жиып-теріп болатын<br>Қамбаға астық толатын<br>Қызыл қамба ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың. | шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету.<br><br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br>Бұтақтарды сындырмай,<br>Тазалықты сақтайық.<br>Гүл өсіріп, су құйып,<br>Табиғатты қорғайық.<br>-Өлең шумақтарынан не түсіндіңдер?<br>«Ағаштар дауы» әңгімесі<br>*Бірде тоғайдағы ағаштар дауласты. Бірінші ағаш: «Менің киімім – ең көрікті киім.Қарашы, қызыл да, жасыл да, сары да, қызғылт та жапырақтарым бар. Мен ең әдемі ағашпын. Екінші ағаш: «Менің ойымша, сіздікіндей ала-құла киім мендей салиқалы ағашқамүлдем жараспайды. Ең әдемі жапырақ ол – қылқанды жасыл жапырақ. Бұл жапырақтымен ешқандай жапыраққа ауыстырмаймын.*<br>-Қандай ағаштар?<br>- «1-ағаш үйеңкі, 2-ағаш шырша»деген шешімге келеді.<br>-Балалар, қай ағаштың пайдасы көп? | суреттен дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрышты заттарды табады. Заттарды геометриялық фигурамен сызып қосады.<br>**3-тапсырма.**Сурет қандай фигуралардан құрастырылған?Ата және сана.Сонша нүкте сал.<br>Заттың қандай фигуралардан құрастырылғанын анықтап,санауды және атауды ұсынады.<br>Сонша нүкте салады.<br>**4-тапсырма.**Сандықты геометриялық фигуралармен безендір.Боя.<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Мақсаты:**<br>Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>**Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>«Жалпы атауын ата»дид.ойыны<br>1.Алмұрт,алма,жүзім – ...*(жемістер)*<br>2.Сәбіз,бұрыш,қарбыз–... *(көгөністер)*<br>3.Қайың,терек, шырша– ... *(ағаштар)*<br>4.Қаңтар,ақпан,желтоқсан –...*(қыс айлары)*<br>5.Қыркүйек,қазан,караша | <br><br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Заттар қандай белгілері бойынша топтастырылған? Әр топтан артық затты тап. Қоршап сыз. Өз тандауыңды түсіндір.<br>Ол заттар мен Фигуралар жиынтық топтарын қарап шығуды және олардың топтастырылған белгісін атауды ұсынады. Артық затты қоршап сызады.<br>**2-тапсырма.**<br>Фигуралардың ұқсастығымен айырмашылығы неде?Олар қалай аталады? Тіктөртбұрышты белгіле.Бөлмеден осып ішіндегі затты тап.<br>**3-тапсырма.**<br>Фигураларды сана.<br>Кестеге нүктелер сал.<br>**4 -тапсырма.** Әр фигураға орын тауып, сызып қос. | Мақсаты:«Шар әуеге ішіне ауа толтырылғандықтан ұшады деген тұжырымға келу.<br>Тәжірибие жасау<br>1.Ыдыстағы суды түтікшемен үрлегенде нені байқадың?<br>2.Қағаздан желпуіш жаса. Бетіңе желпі. Не байқадың?<br>3.Шарды үрлеп, ыдыстағы суға сал. Шар суға неге батпайды?<br>4.Поролон суға неге батпайды? Оның қуыстарында не бар?<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау және буынға бөлу<br>**Мақсаты:**<br>Дауысты,дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру<br>**Міндеті:** Салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>Тіл ұстарту<br>Ба-ба-ба,<br>Бақылдайдыбақа.<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келді,міне,қыс.<br>Оп-оп-оп,<br>Балалар ойнады доп.<br>Жау-жау-жау,<br>Желбірептұр жалау.<br>Ой-ой-ой,<br>Қорада тұр қой. |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дид.ойын «Жұмбақтар құрастырайық»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қолына жеміс пен көкөністердің суретін көрсетіп өз ойларынша сол жұмбақ құрап шығарып жасыру<br><br>Алма ертегісін рөлдерге бөліп сахналау<br><br>Қоян Қарға Кірпі Аю<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен еңбектеу<br>"Поезд" Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір | -Табиғатқа барлық ағаш пен бұталар пайдалы<br>«Суреттер сөйлесін» ойын - жаттығуы<br>1-сурет (Емен, қарағай, қайың, терек, үйеңкі, тал, шырша, алмаағаш, итмұрын, қарақат, бақбақ, қызғалдақтың суреттері көрсетіледі) Балалар олардың атын табады Оларды педагогтің көмегімен ағаш, бұта және шөп деген үш топқа топтайды<br>-Балалар, ағаш, өсімдік және бұталар несімен ұқсас, айырмашылығы неде?<br>-Олардың барлығының діңі, бұтақтары, жапырақтары, тамырлары бар<br>Айырмашылықтары олардың аты бөлек, өсетін жерлері, жапырақтар, діңі, бұтақтарыәртүрлі болып келеді. Шөп аласа, кішкентай, ал ағаштар мен бұталар биік.<br>-Ағаштарды қайдан көруге болады?<br>-Орманда, қалада, саябақта, аланда, суреттерде, балабақша аймағында т.б.<br>-Балалар, ағаш, өсімдік және бұтаның схемалық бейнесіне назар аударыңдар.<br>2-сурет. Ағаштың тамырдан ұзын, жуан діні өсіп шығады, бұталарда көптеген жіңішке, жан-жаққа тараған бұтақтары болады, ал өсімдіктердің сабақтары жіңішке, нәзік | *(күз айлары)*<br>**«Сөздерді буынға бөл»дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**Суреттегі сөздерді атап,буынға бөлу<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата<br>Ферма,сиыр,сүт,қоян,сөре ,қора,күнбағыс,комбайн,т ал,шөп,сауыншы,қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б<br>*Дыбыстық талдау шөп,бақ,сүт сөздеріне дыбыстық талдау жасау*<br>***Саусақ жаттығулары***<br>***Графикалық жұмыс***<br>*Штрихтау,үзік сызықтарды бастырып жазу*<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Бәрі де риза**<br>**Мақсаты:** Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>**Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының | **3.Қазақ тілі**<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар<br><br>**Мақсаты:** сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br><br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>**"Өз мекенін тап" дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Жануарлардың мекенін табу арқылы сөйлеу қабілеттерін дамыту<br>**"Жануарлардың төлін тап" дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**: Әр жануардың өзіне сәйкес төлін табу.<br><br>**4.Музыка**<br>«Бүгін қай күн»әні<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік | Ай-ай-ай<br>Ұшып кетті торғай.<br><br>Ай-ай-ай,<br>Жайылып жүр тай<br>Ға-ға-ға,<br>Ұшып кетті қарға.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>Зат атауларындағы **н** дыбысының орнын анықта.Сөздің басында болса–бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.<br>2.Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа,дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал.<br>**3.Дыбыстық талдау жаса.**<br>«Лақ» сөзінде1 буын,3 дыбыс бар.<br>«Гүл» сөзінде 1 буын, 3дыбыс бар.<br>«Тор»сөзінде1 буын,3дыбыс бар<br>*4.графикалық жұмыс*<br><br>**3.Шығармашылық**<br>Менің досым<br>**Мақсаты:** Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға поезд болып ойнайық, мен паравоз боламын, ал сендер вагонсыңдар, пуп-пуп-пуп. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін қатты, яғни тез жүреді.<br>**"Өз жұбыңды тап"**<br>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты:<br>Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. | және күлтешелері, гүлдестелері болады.<br>Гүлдесте – өсімдіктің гүлі, күлтеше – гүлді ұстап тұратын түбекшесі.<br>-Ағаштың неше діңі бар? (біреу)<br>-Бұтаның қанша діңі бар? (Көп).<br>Ағаштар мен бұталардың, өсімдіктердің қандай ортақ белгілері бар? (Бұтақ, жапырақ, тамыр).<br>3-сурет.Суретте ағаштар, бұталар мен өсімдіктер бейнеленген, көрсетіңдер. Балалартақтадан суреттерді атап, қайсысы ағаш, бұта және өсімдік екенін көрсетеді.<br>- нелері т.б. екенін табады.<br>-Қандай ағаштар қыста жапырақтарын түсірмейді? Қарағай, шырша.<br>-Жапырақтардың түсуін әртүрлі сөзбен атаңдар.<br>-Ұшады, жауады, үзіледі т.с.с.<br>-Жапырақтары бәрінен кеш пайда болатын ағаш қалай аталады?<br>-Емен ағашы.<br><br>**<u>3.Көркем әдебиет</u>**<br>Алтын астық<br>**Мақсаты:** Балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе, диқаншылар еңбегімен таныстыру. Нанның адам еңбегімен | әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру<br>Дид.ойын «Суреттер сөйлесін!<br>Мақсаты:Суреттегі мамандықтар туралы айту<br>-Кімдердің суреттерін көріп тұрсыңдар?<br>-Сендер өскенде кім болғыларың келеді?<br>-Қандай мамандарды білесіңдер?<br>-Мамандық дегеніміз адамның еңбек қызметінің түрі,маман болу көп оқуды, дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Мамандықтың түрі өте көп.<br>Балалар,сендер күнде келіп жүрген мектепті салатын адамды кім дейміз?<br>Ауырған адамды кім емдейді?<br>Киімдерді тігіп беретін адамды кім дейміз?<br>-Шашымызды әдемілеп қиып беретін адамды кім дейміз? Бүгін осы мамандықтар туралы жазушы Мәдіхат Төрежановтың «Бәрі де риза» әңгімесімен танысамыз. | элементтерімен байланыстыру.<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жасдәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:**<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков<br>«Бүгін қай күн» С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Мерекелікмарш»(Б.Дәлденбай)<br>**Билер:**«Көкпар»биі («Билеп үйренейік»жинағынан)<br>**Ойындар,хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалықойындаржинағынан)**. Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Күншуақ»(Е.Құсайынов) | **Міндеті:**<br>**<u>Сурет салу</u>** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.<br>**<u>Жапсыру</u>** Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру<br>**<u>Мүсіндеу</u>** Оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу<br>**<u>Құрастыру</u>** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру<br>Ойын: «Менің айтуым бойынша».<br>Ойын мақсаты:: Балаларға |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.<br>**Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру<br>Жұмбақ :<br>Алтын сары тоны бар<br>Қауызында дәні бар<br>(Бидай)<br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында піскен ас<br>(Таба нан)<br>**Алтын астық**<br>Көктемде егін егетін,<br>Күзде жиып, теретін.<br>Біздің дала–бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала – бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Астық – дала сәулеті,<br>Астық–Отан дәулеті.<br>Біздің дала–бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>*(ҚосжанМүсірепов)*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>*«Не жасырынғанын тап».* Шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету. Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып тастаймын. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек. | Әңгімені мәнерлеп оқып,мазмұнын айтып береді<br>***Дидактикалық ойын:«Кімге не керек?»*** Мақсаты: әр мамандық иесіне керекті заттарын тауып атайды.<br>Жұмбақты шеш.<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты. *(Дәрігер)*<br><br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Міндеті:**<br>«Жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр)<br>«Біз көңілді балалар» Мақсаты : Балалардың көңіл –күйлерін көтеру. Спорттық би билеуді үйрету. Дене қимылдарын , бұлшықеттерін жетілдіру. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. «Дені саудың – жаны сау» мақалының мәнін түсіне білуге | | бір баланы суреттеп айтамын,балалар сол баланы табулары қажет (ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту.<br>Топтық жұмыс<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Өрмелеу<br>**Мақсаты:**<br>Өрмелеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Міндеті:**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>**"Қақпа" Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br>*Мақалдың жалғасын тап.*<br>Нан – тамақтың ...., (атасы)<br>Ынтымақ – көптің ....., (батасы)<br><br>Балалар, кім нан туралы *тыйым сөздер* біледі? Сурет бойынша тыйым сөз шығару.<br>Нанды бір қолмен үзбе.<br>Нанды, дастарханды баспа.<br>Нанды төңкеріп тастама.<br>Нанды аяққа баспа.<br><br>**<u>4.Музыка</u>**<br>«Бүгін қай күн»әні<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br>**Музыка тыңдау:** «Жасдәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:** | тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар 3 топқа бөлініп, қолдарына жалаушаларды, ленталарды және сылдырмақтарды алып «Балақай» әніне спорттық би қимылдарын билейді.<br>**«Құлатып алмай апар»**<br>**Мақсаты** : Балалардың дене қимыл қозғалыстарын дамытып,тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге үйрету. Арқаларын түзу ұстап, дұрыс жүруге дағдыландырып, тәрбиелеу. Ойынның шарты : Әр балаға спорттық бұрыштағы құм салынып тігілген кішкене жастықшалар таратылады. Балалар оларды басына қойып, түсірместен , себетке апарып салады. Себетке жеткізбей, жастықшаны түсіріп алған бала айыппұл ретінде өлең не тақпақ айтады. | | Ойынның шарты: Балалар қол ұстасып шеңбер жасап, “қақпа” құрады. Ортаға санамақ арқылы бір бала қасқыр болып сайланады.<br>Қасқыр түссе қақпанға,<br>Ұстамаса болар ма?<br>Қасқырға қақпан құрайық<br>Қасқырды ұстап алайық.<br>“Қасқырды ұстап алайық” деген кезде қақпаны жабады, қолды төмен түсіреді, ортадағы бала қақпаннан шығуға тырысады.<br>**«Бірінші бол» Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Спорттық ойындарды ойнай алуға тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойын алаңының бір жағында сызық сызылады. Ал екінші сызықта 10 метр қашықтықта жалаушалар қойылады. Балалар бір-бірінен 1 метр қашықтықта, жалаушаға сол жақ қырымен тұрып, сол қолдарына құрсау ұстап тұрады. “Дайындалыңдар” деген |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Біз бақытты баламыз»<br>(Ә. Қонысбеков<br>«Бүгін қай күн»<br>С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Мерекеліқмарш»(Б.Дәлденбай)<br>**Билер:**«Көкпар»биі («Билеп үйренейік»жинағынан)<br>**Ойындар,хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалықойындаржинағынан). **Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Күншуақ»(Е.Құсайынов) | | | белгі бойынша балалар құрсауды сол қолымен ұстап жалаушаға қарай жерге қояды, оң колды құрсау соғуға дайындайды, “1,2,3” зымыран деп тәрбиеші айтқанда оң алақанымен құрсауды соғып, жалаушаға қарай сырғытады. Бірінші келген балалар жалаушаны басынан асырып көтеріп тұрады. Кім бірінші жалаушаны көтерсе, сол жеңеді |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)**<br>• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу<br>«Табиғат ресурстары деген не?»тақырыбында әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *т*орғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді* | **Серуен №2**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстар немен коректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым, | **Серуен №3**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: *Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Білмейтіні жоқ елдің-<br>Өзім де ішіп көргенмін<br>Дейді әжейім<br>Ішектің емі-қашаннан<br>Қабығында еменнің<br>Қайнатындысы Еменнің<br>Қасиеті бар дәрілік.<br>Қабығынан жасалған. | **Серуен №4**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз** А. Сәрсеков<br>Күзгі ауланың талдары<br>Кейде құйын өтеді<br>Желмен басын шайқайды<br>Тозаңдатып жан-жақты | **Қараша**<br>№ 4 САБАҚ.<br>«ЛИФТІ(ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД)МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» Ұзақтығы:25-30 минут Топ/сынып:мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды лифті мен кіреберістегі тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету, қауіпті жағдайлардың алдын алу.<br>Міндеттері: • Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. • |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>Қане, жақсылап қарайықшы | Жемін, суын керекгің,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>Олар қайда тіршілік етеді?<br>Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>Оларды кім коректендіреді?<br>Көгершіндер қайда мекендейді?<br>Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>***Мақсаты:***<br>— балаларды жүкіруге үйрету; | Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.<br>Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)*<br>Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)*<br>Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>Ағаштар қалаға не үшіни керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)*<br>Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)*<br>Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*<br>Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? *(құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)* | Дәурен өтіп жаздағы<br>Кейде құйын кетеді<br>Күздің желі соғады<br>Доп қылып ап жапыракты<br>Бейне тентек баладай<br>Ойран-асыр салады<br>Алма бағын жағалай<br>Алмаларын қағады<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .*<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>*Мақсаты:*<br>Бір-біріне соқтықпай | Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. • Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету.<br>Материалдармен ресурстар: Лифті мен кіреберісте өзін-өзі ұстау ережелерін бейнелейтін иллюстрациялар немесе суреттер Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу. Лифті мен кіреберісте қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын талқылау.<br>Лифтідегімінез-құлықережелерін талқылау: Лифтіні күту: лифті келгенше есіктерінен алыс тұр. Кіру және шығу: лифт есіктері ашылғанда тез кіріп, тез шығу, табалдырықта тұрмау. Түймешіктермен (кнопка) ойнамау: тек қажетті түймешіктерді басу, барлық түймешікті басудың қажеті жоқ. Лифтіге жалғыз кірмеу: ең дұрысы, лифтіге ересектермен немесе үлкен балалармен бірге кіру. Егер лифті тоқтап қалса: қорықпау, саспау, диспетчерді шақыру түймешігін басып, көмек күту. Кіреберістегімінез-құлық ережелерін талқылау: №1 бейнероликті қарау. «Кіреберісте» Бейнероликті талқылау: егер кіреберісте бөтен адам болса, не істеу |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? *(*Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)* Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)* **Еңбек**Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. *Мақсаты:* Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». *Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.* **Жаттығу ойындары:** «Жалауды құлатпа» *Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | .— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау **Жаттығу ойындары:** «Қаданы (кегли) құлат». ***Мақсаты:*** Допты нысанаға лақтыру; Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. **Халық болжамы:** ***құс жүнін үрпитсе, жауын болады; жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** | **Зерттеу жұмысы** Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту **Еңбек** Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау *Цель:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. **Қ/О:** «Акку-қаздар». *Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру* **Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру. *Мақсаты: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру* ***Мақал-мәтел Аяламасаң ағаш та аспандап өспес Орман ел дәулеті, жер сәулеті.*** | жүкіруге жаттықтыру ; Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. **Жаттығу ойындары:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. *Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу* ***Халық болжамы: Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды Ағашты қырау басса аяз болады.*** | керек? Кіреберісте: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамдарға есік ашпау, баспалдақ мен қоршауларда ойнамау, ата-аналармен/ересектермен бірге болу. Негізгі сұрақтарарқылы бекіту: Бейтаныс адамдарға кіреберіс есігін ашуға бола ма? Неге? Егер лифті тоқтап қалса, не істеу керек? Кіреберісте баспалдақтар мен қоршауларда ойнауға бола ма? Лифтіге қалай дұрыс кіру және шығу керек? Пайдалы сілтеме: |
| **Серуенне оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | **(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай | **(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойынАқсақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. "Қарға" деген бұл қарға атта құс, ал "ақсақ" ақсандайтын дегені. | **(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың | **(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойынАқсақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. "Қарға" деген бұл қарға атта құс, ал "ақсақ" ақсандайтын дегені. | **(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын .«Орамал тастамақ».** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды |

Scanner App Lite

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ...таптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір “қарғадан” басқасына ауысып отырады. | арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір “қарғадан” басқасына ауысып отырады. | тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Заттарды лақтыруға жаттықтыру; **Жеке жұмыс:** «Ағаш суретін сал» **Мақсаты**: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. Төлеп Аяна Медетқызы | Түстерді ажырата білуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту** Мамат Мереке Нұрлыбайқызы | Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. **Құрастыру** Рахманберді Асылым Бекжанқызы | Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. Топпен | Суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. **Сурет салу** Рахат Әлинұр Айдынұлы |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:** ***Ата –аналарға кеңес*** Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніп, тіл табысатын болады. **(Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру)** | | | | |

Scanner App Lite